

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚ  
МҮШЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДА «БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖҮРЕК»  
ТАҚЫРЫБЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ  
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**Астанақаласы**

**2014 жылғы 17 қазан - 17 қараша**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы каникул кезінде балалардың сауықтырылуын, демалысын және бос уақытының жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру үшін педагогикалық жасақтарды дайындау сапасын арттыру және олардың қызметін белсендіру мақсатында «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында Республикалық педагогикалық олимпиаданы 2014 жылғы 17 қазан – 17 қараша аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайттақашықтықтан өткізуде.

Міндеттері:

Тәлімгерлер – педагогикалық оқу орындарының студенттері, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтерінен құрылған топтардың ең тиімді түрі ретінде Қазақстандағы педагогикалық жасақтардың қозғалысын насихаттау;

балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру түрі ретінде педагогикалық жасақтардың қозғалысына оң көзқарас қалыптастыру;

мемлекеттегі педагогикалық жасақтардың қозғалысына қатысушылардың тұлғалық және кәсіби қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

Қазақстандағы оқу орындары мен педагогикалық жасақтардың арасында кәсіби байланысты нығайту және дамыту.

Педагогикалық олимпиадаға Қазақстан Республикасындағы педагогикалық ЖОО мен колледждердің үздік педагогикалық жасақтарының мүшелері, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақ мүшелерінің арасында «Балаларға арналған жүрек» тақырыбында Республикалық педагогикалық олимпиадасын өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Сығанақ көшесі 29, «Евроцентр» бизнес орталығы, 8-қабат, № 808 кабинет, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, анықтама телефондары: 8(7172) 51-69-24 тел/факс, 51-69-34, электрондық пошта: [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru).